

## Суық қаруды заңсыз алып жүруді, сақтауды, алуды, жасауды немесе өткізуді саралау туралы

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1975 жылғы 15 қыркүйек N 5. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.**

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1974-жылғы 11-ақпандағы "Атылатын қаруды, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды заңсыз алып жүру, сақтау, алу, жасау және өткізу үшін жауапкершілік туралы" жарлығына сәйкес Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1974-жылғы 27-мамырдағы Жарлығымен Қазақ КСР-ның Қылмыстық Кодексінің 202-бабы атылатын оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды өз еркімен өткізген адамды қылмыстық жауапкершіліктен босататын екінші бөлікпен толықтырылған, ал осы баптың бұрынғы екінші бөлігі суық қаруды алып жүргені, сақтағаны, алғаны, жасағаны немесе өткізгені үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын үшінші бөлігі болып қалды.

Дегенмен, көптеген соттар ҚК-тің жаңа редакциясының 202-бабының екінші бөлігін бірінші бөлігіне ескертуі деп санап, қанжарды, фин пышағын немесе өткізуді ҚК-тің 200-бабының үшінші бөлігінің орнына екінші бөлігі бойынша дұрыс сараламайды.

Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Пленумы

Қаулы етеді:

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1974-жылғы 27-мамырдағы Жарлығымен ҚК-тің 202-бабына енгізілген толықтыру өзінде тиісті рұқсатсыз сақталған атылатын қаруды, оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған адамды қылмыстық жауапкершіліктен босататын осы баптың өз алдына бөлек, екінші бөлігі болып табылады.

Осыған орай, ҚК-тің 66-бабына байланысты қылмыстың және әрекеттің жазаланатынын оны жасау кезіндегі заңмен анықталатынын ескере отырып, суық қаруды кәсіпшілік немесе қызмет жағдайларына байланысты алып жүру жағдайларынан басқа кезде қанжарды немесе басқа суық қаруды алып жүрумен, сақтаумен, алумен, жасаумен немесе өткізумен байқалатын адамдар әрекеті, егер олар Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1974-жылғы 24-мамырдағы " Қазақ КСР қылмыстық кодексінің 23 және 202-баптарына өзгертулер мен

толықтырулар енгізу туралы" Жарлығы күшіне енгеннен кейін жасалса, ҚК-тің 202-бабының 3-бөлігі бойынша саралауға жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК